

**Риддер қаласының тұрғын үй және мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмегін алушыларына коммуналдық қызметтерді есептейтін жеке құралдарын сатып алу және орнату шығындарын өтеу бойынша Нұсқаулығын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласының әкімдігінің 2008 жылғы 15 қаңтардағы N 526 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Риддер қалалық Әділет басқармасында 2008 жылғы 7 ақпанда N 5-4-80 тіркелді. Күші жойылды - Риддер қаласының әкімдігінің 2009 жылғы 27 мамырдағы N 1625 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Риддер қаласының әкімдігінің 2009.05.27 N 1625 қаулысымен.*

*Р Қ А О е с к е р т п е с і .*

*Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.*

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтарындағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңының 31 бабы 1 тармағының 14) тармақшасына, Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2006 жылғы 15 наурызындағы № 555 «Халықтың аз қамтылған топтарына коммуналдық қызметтерді есептейтін құралдарды алу және орнату шараларын ұйымдастыру туралы» қаулысына сәйкес, Риддер қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Риддер қаласының тұрғын-үй және мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмегін алушыларына коммуналдық қызметтерді есептейтін жеке құралдарын шығындарын өтеу бойынша Нұсқаулығы бекітілсін;

2. Риддер қаласының тұрғын-үй және мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмегін алушыларына коммуналдық қызметтерді есептейтін жеке құралдары сатып алу және орнату шығындарының өтеуін жүзеге асыратын уәкілдік орган болып «Риддер қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Ильинская О.И.) анықталсын.

3. Риддер қалалық әкімдігінің 2007 10 мамырдағы № 713 «Риддер қаласының 2007 жылғы тұрғын үй және атаулы әлеуметтік көмегін алушыларына коммуналдық қызметтерді есептейтін жеке құралдарын сатып алу және орнату шығындарын өтеу бойынша Нұсқаулығын бекіту туралы» қаулысының күші жойылды деп танылсын (Риддер қаласының әділет басқармасында 2007 жылғы 08 маусымдағы № 5-4-61 тіркелген, «Лениногорская правда» газетінің 2007 жылғы 22 маусымдағы № 25 санында жарияланған).

4. Осы қаулының орындалуына бақылау қала әкімінің орынбасары  
Р. В. Дюсебаеваға жүктелсін

5. Осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Риддер қаласының әкімі Н.Х. Тілемісов  
Риддер қаласы әкімдігінің  
2008 жылғы «15» қаңтардағы № 526  
қаулысымен бекітілді

**Риддер қаласының тұрғын-үй және мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмегін алушыларына коммуналдық қызметтерді есептейтін жеке құралдарын алу және орнату шығындарын өтеу бойынша Нұсқаулығы**

Осы Нұсқаулық халықтың әлеуметтік жағынан қорғалмаған топтарына коммуналдық қызметтерді есептейтін жеке құралдарын алу және орнату үшін біржолғы көмек көрсету мақсатында қабылданды.

**1. Жалпы ережелер**

1. Коммуналдық қызметтерді есептейтін жеке құралдарын алу және орнату үшін біржолғы көмек тұрғын-үй және мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмегін алушылар қатарындағы аз қамтылған азаматтарына көрсетіледі.

2. Коммуналдық қызметтерді есептейтін жеке құралдар отбасына (пәтерге) екі бірлік (ыстық және суық сумен жабдықтауды есептейтін құрал) және бір бірлік (газбен жабдықтауды есептейтін құрал) мөлшерінде орнатылады.

**2. Коммуналдық қызметтерді есептейтін жеке құралдарын алу және орнату шығындарын өтеу тәртібі**

3. Коммуналдық қызметтерді есептейтін жеке құралдарын алу және орнату шығындарының өтелуі жергілікті бюджет қаражатынан 451.007 «Жергілікті өкілетті органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жеке топтарына әлеуметтік көмек» бюджеттік бағдарламасы бойынша жүргізіледі.

4. Коммуналдық қызметтерді есептейтін жеке құралдарын алу және орнату шығындарын жеке тұлғаға өтеу Уәкілдік органымен келесі құжаттарды берген кезде жүргізіледі:

- 1) үлгі бойынша өтініш;
  - 2) жеке куәлігі (түпнұсқасы және көшірмесі);
  - 3) салық төлеушінің тіркеу нөмірі (түпнұсқасы және көшірмесі);
  - 4) екінші деңгейдегі банктің шоты (түпнұсқасы және көшірмесі);
  - 5) азаматтарды тіркеу кітабы. (түпнұсқасы және көшірмесі).
5. Ыстық және суық сумен жабдықтауын есептейтін құралдарын алу

және орнату үшін келесі құжаттарды әкелу қажет:

- 1) Сатып-алу жөніндегі шарт (түпнұсқасы);
- 2) Рұқсат беру актісі (көшірмесі);
- 3) Суөлшегішті қабылдау актісі (көшірмесі).

6. Газбен жабдықтауын есептейтін құралдарын алу және орнату үшін келесі құжаттарды әкелу қажет:

- 1) Газбен жабдықтауын есептейтін құралын орнату кезіндегі қызмет көрсетуге арналған шарт (түпнұсқасы);
- 2) Газ есептегішін пайдалануға қабылдау актісі (көшірмесі).

### **3. Өтеудің қаржыландырылуы және төленуі**

7. Коммуналдық қызметтерді есептейтін жеке құралдарын алу және орнату шығындарын өтеу азаматтардың салымдар шоттарына екінші деңгейдегі банк арқылы аудару жолымен жүргізіледі.

### **4. Есептейтін жеке приборлардың орнатылуын ұйымдастыру және бақылау**

8. Есептейтін жеке құралдарын орнату кезіндегі техникалық нормативтердің сақталуына бақылаудың жасалуы, олардың қолданыстағы тәртіпке сәйкес пломбалануы, пайдалануға рұқсат берілуі және есепке қойылуы коммуналдық қызмет беруші - кәсіпорындарымен жүргізеді.

9. Тұрғын үй және мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекгін алушыларына коммуналдық қызметтерді есептейтін жеке құралдарын алу және орнатуға бөлінген жергілікті бюджет қаражатының нысаналы пайдалануына бақылау «Риддер қаласының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі жүргізеді.

*«Риддер қаласы жұмыспен қамту және  
әлеуметтік бағдарламалар бөлімі»  
мемлекеттік мекемесі бастығы* *О.Ильинская*